



**«Петровка ауылының ЖОББМ» КММ
2025–2026 оқу жылының 5–16 қыркүйек аралығындағы
Қазақстан халқы тілдері күніне арналған онкүндіктің өткізілуі туралы
ЕСЕП**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесін атап өту туралы Жарлығын жүзеге асыру мақсатында мектебімізде 2025 жылдың **5–16 қыркүйек аралығында «Тіл – достықтың дәнекері»** атты онкүндік өткізілді.

Онкүндіктің негізгі **мақсаты**:

- Қазақстан Республикасының Тілдер саясатын іске асыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру;
- Оқушыларға туған тілін қастерлеу, өзге ұлт өкілдерінің тілдеріне құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру;
- Ұлтаралық татулық пен бірлікті нығайту;
- Көптілді білім алудың маңыздылығын түсіндіру.

Өткізілген іс-шаралар туралы толық мәлімет

1. Апталықтың ашылуы (05.09)

Онкүндік салтанатты түрде ашылып, іс-шаралардың жоспары таныстырылды. Әнұран орындалып, «Тіл – халықтың қазынасы» атты әдеби монтаж ұсынылды. Оқушылар тіл туралы өлеңдер оқып, шағын көріністер көрсетті. Осы күні үш тілдегі қызықты сұрақтар арқылы оқушылардың тілдерге деген қызығушылығын арттыратын көңілді үзілістер ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DOYmHZDDHpt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2. «Ана тілім – асыл қазынам» тәрбие сағаттары (05.09)

1–10 сыныптарда өткен тәрбие сағаттарында оқушыларға мемлекеттік тілдің тарихы, маңызы мен мәртебесі туралы деректер айтылды. Сыныптар қабырға газеттерін шығарып, эссе, ойтолғаулар жазды.

https://www.instagram.com/p/DOgL849jJlV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

3. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» көрмесі (08.09)

Кітапханада ұйымдастырылған көрмеде Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері, өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар мен суреттер қойылды. Оқушылар «Ұлт ұстазы» тақырыбында шағын пікірлерін білдірді.

https://www.instagram.com/reel/DOgGVxajDP_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

4. «Тіл мерекесі» сурет көрмесі (08.09)

1–2 сынып оқушылары өз қиялдарына ерік беріп, тіл мерекесіне арнап суреттер салды. Жеңімпаздар арнайы алғыс хатпен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DOoJ6bbDDn1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

5. «Мақал – сөздің мәйегі» сайысы (08.09)

6 «А» сынып оқушылары мақал-мәтелдерді жарыса айтып, олардың мағынасын ашып берді. Жарыс өте қызықты өтті.

https://www.instagram.com/p/DOsEXodjD0r/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

6. «Полиглот» зияткерлік ойыны (09.09)

9–10 сыныптар арасында үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) сұрақ-жауаптан тұратын ойын ұйымдастырылды. Оқушылардың көптілділікті меңгеруге деген ынтасы байқалды.

https://www.instagram.com/reel/DOM-oTijILd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

7. «Тіл – мәдениеттер достығы» пікірсайысы (09.09)

8 «А» сынып оқушылары қатысқан пікірталаста көпұлтты Қазақстан жағдайындағы тілдердің достастық рөлі кеңінен талқыланды.

8. «Мен үйренген жаңа сөздер» жобасы (09.09)

3–4 сынып оқушылары әртүрлі жаңа сөздерді суретпен, шағын постерлермен таныстырды. Бұл жұмыс олардың сөздік қорын байытуға ықпал етті.

9. «Өнер тілсіз болмайды» өнер байқауы (10.09)

Өн, би, домбыра шерту арқылы оқушылар өнерлерін ортаға салды. Байқауға 3-4-5 А,Б сыныптар белсене қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DOsPo1iDBei/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

10. Ұлттық тағамдар көрмесі (10.09)

Әр сынып оқушылары ата-аналарының көмегімен түрлі ұлттық тағамдарды әзірлеп әкелді. Сол ұлттың ұлттық киімдерін киіп жәрмеңкеге қатысты. Жәрмеңкеден соң оқушылар бір-біріне дәмнен ауыз тигізді. Бұл шара халықтар арасындағы достық пен мәдениеттің алуан түрлілігін көрсетті.

https://www.instagram.com/p/DOsXjZSDAYy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

11–12. Эссе байқаулары (11–12.09)

- 5–10 «А» сыныптары – «Менің тілім – менің мақтанышым»;
 - 5–10 «Б» сыныптары – «Тіл тағдыры – ел тағдыры».
- Жеңімпаздар анықталып, үздік жұмыстар қабырға газеттерінде жарияланды.

13. «Тіл мерекесіне – салауатты өмір» спорттық жарысы (12.09)

5–10 сыныптар арасында спорттық эстафеталар ұйымдастырылды. Бұл шара тіл мерекесін тек рухани ғана емес, денсаулықты нығайту тұрғысынан да атап өтуге мүмкіндік берді.

14. Сыныптан тыс шаралар (15.09)

- 5–7 «Б» сыныптарында «Лингвистический лабиринт» ойындары өткізілді.
- 5–10 «А» сыныптарында «Тіл – тәуелсіздік тірегі» тақырыбындағы әдеби-танымдық кеш ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DOfnxycDLAg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=

15. Флешмоб (15.09)

7–10 сынып оқушылары «Достық пен ынтымақ» тақырыбында би, ән және ұрандар арқылы флешмоб ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/reel/DOgHdluDJOj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=

16. Салтанатты жабылу жиыны (16.09)

«Мемлекеттік тіл – ел мәртебесі» атты салтанатты жиын өтті. Онкүндікке белсене қатысқан сыныптар мен оқушылар марапатталды.

Сонымен қатар жоспардан да тыс жұмыстар жүргізілді. Мысалы, 1 а сынып ұйымдастырған өлеңді мәнерлеп оқу шарасы. Кішкентай бүлдіршіндер ана тілінде тақпақтар айтты.

https://www.instagram.com/p/DOrlgMGjNXm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=

Қорытынды

Қазақстан халқы тілдері күніне арналған онкүндік мектеп ұжымының, оқушылар мен ата-аналардың белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Іс-шаралар барысында:

- Оқушылардың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігі артып, өзге тілдерге деген құрметі нығайды;
- Ұлтаралық достық пен ынтымақ идеялары дәріптелді;
- Көптілді білімнің артықшылықтары насихатталды;
- Әрбір оқушының шығармашылық, өнерпаздық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалды.

Жалпы алғанда, онкүндік өз мақсатына жетті және оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырды.

Мектеп директоры



Ишанова З.Т.